

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
№15 Ғылыми кеңес мәжілісінің

Шешімдері

Шымкент қаласы 28 мамыр, 2026 жыл

Сағат: 15:00

Қатысқандар – Ғылыми кеңестің мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми ізденіс жұмыстары, StartUP жобалары: нәтижесі, болашағы

ШЕШІМ:

1. Ғылым және инновация департаментінің директоры Ә.Қ. Оралбекованың «Студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми ізденіс жұмыстары, StartUP жобалары: нәтижесі, болашағы» атты баяндамасы назарға алынсын.
2. 2026-2028 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурсына және 2026-2028 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми жоба жібермеген кафедралар, 2027-2029 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу міндеттелсін.

Жауаптылар : кафедра меңгерушілері, институт директорлары, факультет декандары, Жобаларды коммерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: 2026-2027 оқу жылы.

3. Студенттер мен жас ғалымдардың зерттеушілік құзыреттілігін дамыту, ғылыми идеяларын қолдау, StartUP жобаларды қалыптастыру, ғылыми нәтижелерді тәжірибеге енгізу және коммерцияландыру мақсатында экономика, құқықтану, халықаралық бизнес, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі, әлем тілдері, педагогика және психология, математика және физика, мектепке дейінгі оқыту және бастауыш білім, дене шынықтыруды оқытудың теориясы мен әдістемесі, дизайн кафедралары Республикалық студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауларына қатыстырылсын.

Жауаптылар: институт директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды коммерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: наурыз-сәуір 2027 жыл.

4. 2026-2027 оқу жылында студенттер мен жас ғалымдардың жобаларын әр білім беру бағдарламасынан кем дегенде 1 ғылыми жұмыс келесі конкурстарға жіберілсін. Атап айтқанда: «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының конкурсы, Astana Hub акселерациялық және инкубациялық бағдарламалары,

Enactus Kazakhstan студенттік әлеуметтік кәсіпкерлік жобалары, өңірлік және республикалық StartUP байқаулары, хакатондар, инновациялық идеялар конкурстары, университетаралық ғылыми жобалар конкурстары мен Республикалық студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауларына қатысу жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Жауаптылар: институт директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды коммерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: жыл бойы, 2026-2027 оқу жылы.

5. Университет ішінде «**Жас зерттеуші – Tashenev University**» студенттер мен жас ғалымдарға арналған ғылыми-зерттеу жобалары конкурсы жыл сайын ұйымдастырылсын, конкурсты қаржыландыру университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін қолдауға арналған ішкі қаражаты немесе демеушілік қаражаты көздер есебінен жүзеге асырылсын, аталған конкурстың ережесін Ғылым және инновация департаменті әзірлесін.

Жауаптылар: институт директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды коммерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: сәуір, 2027 жыл

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан ұйымдастырылатын Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін талантты жас ғалымдарға жыл сайын атаулы мемлекеттік сыйлықтар мен стипендияға қатыстыру жұмыстары күшейтілсін.

Жауаптылар: институт директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: жыл бойы.

7. Студенттердің ғылыми мақалалар дайындауы мен ғылыми конференциялар, байқауларға, Start-Up жобаларға қатысуына назар аударылып, ғылыми үйірме жұмыстарына белсенді түрде тартылуы бойынша жұмыстар күшейтілсін.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: жыл бойы.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Ғылым және инновация департаментінің директоры Ә.Қ. Оралбековаға жүктелсін.

2. Біліктілік шеңберінде кәсіби деңгейді жетілдіру және қосымша білім беру саясатын әзірлеу, жүзеге асыру

Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының директоры Ш.Н. Ергешбаеваның «Біліктілік шеңберінде кәсіби деңгейді жетілдіру және қосымша білім беру саясатын әзірлеу, жүзеге асыру» атты баяндамасы назарға алынсын.

ШЕШІМ:

1. Профессор-оқытушылар құрамының жасанды интеллект (AI) және инклюзивті білім беру бағыттары бойынша меңгерген білімдері мен дағдыларының оқу үдерісінде қолданылу деңгейін бақылау мақсатында ішкі аудит жүйесі (өзара сабаққа қатысу картасы) енгізілсін.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

Мерзімі: 2026 жылғы қыркүйек.

2. 2026–2027 оқу жылында «Білім берудегі менеджмент» бағыты бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен және сертификат алған қызметкерлер үлесі 5%-дан 15%-ға дейін ұлғайтылсын. Кафедра меңгерушілері мен факультет декандарының басқарушылық құзыреттіліктерін дамытуға басымдық берілсін.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, кадр қызметі.

Мерзімі: 2026–2027 оқу жылы.

3. Біліктілікті арттыру бағдарламаларын табысты аяқтап, алынған білім мен тәжірибені білім беру үдерісіне тиімді енгізген профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру мақсатында жылдық КРІ (рейтинг) жүйесіне тиісті көрсеткіштер енгізілсін.

Жауаптылар: академиялық мәселелер жөніндегі проректор.

Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты

Мерзімі: 2026 жылғы желтоқсан.

3.2026-2027 оқу жылына -профессор- оқытушылар құрамының штатын бекіту

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор **П.Т.Байннееваның «2026-2027 оқу жылына арналған профессор--оқытушылар құрамының оқу жүктемесі мен штатын бекіту»** туралы баяндамасын тыңдап және талқылау.

Шешім :

1. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор П.Т.Байннееваның «2026-2027 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамның оқу жүктемесі мен штатын бекіту» туралы баяндамасы назарға алынсын.

2. 2026-2027 оқу жылына арналған кафедралардың профессор-оқытушылар құрамның оқу жүктемесі мен штаты бекітілсін.

3. Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кафедраларда "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" ғылыми дәрежесі бар оқытушы-профессор құрамының санын бекітілген нормаға сәйкес (50%) қамтамасыз ету

бойынша жұмыстар жүргізісін (Орындалу мерзімі: қыркүйек 2026 ж. дейін).

4. Дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі Н.Қ.Ерепбаевқа кафедрада "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" ғылыми дәрежесі бар, сонымен қатар "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атағына ие оқытушылардың санын штаттағы оқытушылардың кемінде 50 %-мен қамтамасыз етсін. (Орындалу мерзімі: 1 қыркүйек 2026 ж. дейін).

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор П.Т.Байнееваға жүктелсін.

4. Әртүрлі мәселелер.

4.1 СМЖ бойынша Университеттің құжаттарын, ережелерін бекіту

СМЖ бөлімінің жоғары білікті маманы С.А. Тауасарованың қызмет хаты назарға алынсын.

Шешім :

Сапа менеджменті жүйесі бөлім басшысына:

1. СМЖ бөлімінің басшысы С.А. Тауасарованың қызмет хаты назарға алынсын.

2. Сапа менеджменті жүйесі бөлім басшысына:

Келесі Университет құжаттары СМЖ талаптарына сәйкес бекітілсін

1. Академиялық саясат;
2. УЕ-47-26 Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау, оқудан шығару ережесі;
3. ПУ-76-26 — Фаундейшн бағдарламасы бойынша тыңдаушыларды оқуға қабылдау қағидалары;
4. ПУ-77-26 — Дербес деректерді қорғау туралы ереже;
5. ПУ-78-26 — Жасанды интеллект орталығында оқу, зертханалық, жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәртібі туралы;
6. ПУ-79-26 — Жасанды интеллект орталығының зертханасын пайдалану қағидалары;
7. ИТБ-04-06-26 — Жасанды интеллект орталығының зертханасында жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық;
8. ПУ-80-26 Қаржылық шығыстарды көздейтін қызметтік жазбаларды келісу қағидалары;
9. ПУ-81-26 Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже.
10. УЕ-46-26 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу ережесі;

Ф.04.24.07

11. УЕ-61-26 Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту туралы ереже.

4.2. Ғылыми атаққа (университеттің қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы) лауазымына ұсыну туралы

ШЕШІМ:

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Бакирова Шолпан Әбдікерімқызының ғылыми-педагогикалық қызметіндегі жетістіктері, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы нәтижелері ескеріле отырып, университеттің қауымдастырылған профессоры (доцент) міндетін атқарушы лауазымына ұсынылсын.

Ғалым хатшы



З. Жантасова